

«Қош келдің жаңа жыл»

атты ертеңгілігі

«Жұлдыз» ерте жас тобы



Тәрбиешілер : Курмамбаева А.А

Кусмагамбетова У.Р

Муз жетекші Оразов А

Әуен естіледі " Орманда шырша...»

Мақсаты: Балаларды жасыл шыршамен таныстырып, жаңа ән айтқызу арқылы мерекелік көңіл күй сыйлау. Балаларды жасыл шыршадан шеңбер айналып жүріп еркін би билеп, ән орындауына мүмкіндік жасау.

Балалар залға кіреді және шыршаға жақындайды.

Жүргізуші: Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Құтты болсын ағайын!

Жаңа жылың тағы да

Қол соғып қарсы алайық

Шақырайық ортаға

Ертеңгілік басталсын

«Жұлдыз» тобында!

Сәлеметсінба шырша,

Қош келдің, Жаңа жыл.

Жасыл шырша айналасында

Біз ән шырқауға тұрамыз.

Залға әуен ырғағымен ақшақар кіреді.

Ақшақар:

Уа, халайық жарандар

Айналаға қараңдар

Жаңа жылдың бұл тойын

Салтанатқа санаңдар

Қызық көріп, шап болып

Шаттық күліп тараңдар.

Сәлематсыздарма балалар мені шақырдыңыздарма?

Жүргізуші : Сәлеметсіңбе ақшақар ия біз сені шырша шамын жағуға көмекке шақырдық.

Ақшақар: Жарайды. Балалар маған атам сиқырлы орамал берген болатын.

Атам айтты егерде орамалды сермесең бүкіл сиқыр ашылады деп.

Ал онда көрейік. Бір, екі, үш шырша шамы жан, жан. (шырша шамы жанады)

Шырша шамы жанады

Жүргізуші : Ендеше балалар бәріміз бірге аяз атаны шақырайық.

А-яз а- ата (3 рет)

Залға аяз ата кіреді.

Аяз ата:

Амансыңдарма ұлдарым,

Амансыңдарма қыздарым,

Қандай жарқын жүздерің

Қандай әсем мереке

Жаңа жыл құтты болсын! Сіздерді жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Жаңа жыл бақ береке әкелсін.

Ақшақар: Сәлеметсізде аяз ата.

Жүргізуші : Қош келдіңіз аяз ата төрлетіңіз, біздің балаларымыздың ақ тілектерін қабыл алыңыз.

Жүргізуші : Аяз ата біздің балаларымыз биді дөңгелетіп билесе, әнді шырқай біледі. Олай болса біздің қыздарымыздың

«Ақ ұлпалар» биін тамашалаңыз.

Аяз ата: Тамаша ,тамаша

Жүргізуші: Аяз ата біз балалар сізге арнап ән айтып берсің

Ән «Шыршаға бардық»

«Қар жинаймыз» ойын

Жүргізуші: Біреу шыршаға асығады!

Жылдам музыка естіледі, залға қоян кіреді.

Қоян: Мен көңілді қоянмын, орманда тұрамын

Міне сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған

Кел балалар келіңдер

Жаңа жылды көріңдер.

Балалар мына жайнаған жарқыраған мерекеге қош келдіңдер!

Кәне барлығымыз мерекені көңілді қарсалайық!

Шыршаны айналады

Қоян :Жаңа жыл келе жатыр

Мен Аяз атаға

Сыйлықтар алу үшін бара жатырмын

Мен кішкентай қоянмынғой

Бірақ мен өте қорқақпын

Мен жолда оппа қарға түстім

Мен түлкіден қорқамын

Бәрінен қорқып осы орманға тығылып қалдым

Жүргізуші : Сен қоян бізден қорықпа

Қорқағым менің сабыр ет

Біз сені ренжітпейміз

Қояндар біздің достарымыз

Тек сен жылама

Бізбен бірге ойна,күл,би биле

Ал аяз ата келіп саған сыйлық алып келеді

Би: Көңілді қояндар

Жүргізуші :Балалар, тыныш , тыныш...

Меніңше, мен бірдеңе естимін. (Алысқа қарайды...)

Бізге мұнда жүгіріп

Өзі қызыл бас,

Жұмсақ құйрық-

Қоян: О! Ия, бұл Түлкі! Мен шыршаның артына жасырнайын...

Музыка естіледі. Қоян жасырылады, ал залға Түлкі кіреді.

Түлкі: Мен түлкімін,түлкімін

Тұнып тұрған күлкімін

Бұлғаң, бұлғаң құйрығым

Текке өтпейді бір күнім
Сәлеметсіз бе, балалар,
Қыздар мен ұлдар!
Мені көріп қарсы аласындарма?

Жүргізуші: Әрине, кел Түлкі!

Түлкі. Қоян иісі естіледі ... Қоян менен қашып кетті.

Мен осылай шырша жанына өтірік ұйықтайын қоянды ұстап алайын...

Тыныш музыка естіледі, Түлкі ұйықтайды.

Шыршаны қоян айналып шығады, бір жағынан түлкіге қарап, екінші жағынан қарап. Музыка төмендейді.

Қоян. Мен не көрдім?

Мұнда -Түлкі!

Міне, керемет-ғажайып.

Түлкі үнсіз жатыр... Ол қатты ұйықтайды ма?

(Мақтана бастайды.)

Қоян: Қояндар қорқақ және мақтаншақ дейді.

Мен ешкімге қорықпаймын:

Эй, Түлкі, көзінді аш, Мен сені шайқасқа шақырамын!

Түлкі (оянады).

А-а-а, ұсталдынба мақтаншақ!

Сен маған керек едің!

Қоян; Бекер, Түлкі, қорқыныш емес. Сен әуелі мені сәттілікті жіберіп алма!!

Мен қазір барлық балаларымды- қоянға айналдырамын!

Музыка естіледі,

Қоян: Балалар сендер ойнағанды жақсы көресіндерме?

Кәне келіндер біздер түлкіден қорықпаймыз

" Түлкі және қояндар "ойыны.

Түлкі ;Бұл не?

Мен сізді қуып жете алмады!

Ал, бұл балабақшада епті халық тұрады!

Жүргізуші : Мерекеде жанжал болмайды.

Кешірімді болындар достар!

Өйткені Бүгін бүкіл халық Жаңа жылды тойлайды!

Қоян мен түлкі (бір-біріне қолдарын береді татуласады).

Біз дос боламыз, Біз бейбіт өмір сүреміз.

Аяз ата, Ақшақар: Ой, Бәрекелді балаларым! Әсем ән шырқап, би билеп аталарыңды бір қуантып тастадыңдар, көп- көп рахмет. Енді біз Ақшақар қызымыз екеуіміз қайтайық. Бізді басқа балалар күтіп отыр, сау болындар!

Ақшақар: Сіз, балалар , жарайсыңдар. Сіздерге мерекеге келгеніме қуаныштымын Жаңа Жылмен құттықтаймын және сыйлықтарды сізге табыстаймын! Сыйлықтар тәрбиешіге беріледі.

Жүргізуші : Құрметті қонақтар, балалар 2023 жаңа жылға арналған мерекеміз аяқталды, көріп тамашалағандарңызға рахмет. Жаңа жыл құтты болсын.



